

**Мақтаарал ауданының пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынысыз қалған, білім беру үйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына 2021 жылға квоталар белгілеу туралы**

Мерзімі біткен

Түркістан облысы Мақтаарал ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 15 ақпандағы № 111 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 15 ақпанда № 6067 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18 бабының 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18 бабының 1 тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 31 бабының 2-тармағын және "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9 бабының 7), 8), 9), тармақшаларына сәйкес Мақтаарал ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы 2 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

3. Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынысыз қалған, білім беру үйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы 3 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

4. Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды 1 қосымшаға сәйкес және бас бостандығынан айыру орындарынан бостилған адамдарды 2 қосымшаға сәйкес жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының 2021 жылға квотасын белгілеуде Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 26 бабы 2 бөлігі 3 тармағының талаптары қатаң сақталсын.

5. Мақтаарал ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 186 қаулысы " Мақтаарал ауданының пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынысыз

қалған, білім беру үйымдарының тұлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар белгілеу туралы " (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5598 нөмірімен тіркелген, 2020 жылғы 05 мамырдағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

6. "Мақтаарал ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының "Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтүзбелік он күн ішінде оның көшірмесін Мақтаарал ауданының аумағында таратылатын баспа басылымдарына ресми жариялауға жолдануын;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулының Мақтаарал ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.К. Ешанқуроваға жүктелсін.

8. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Б. Асанов*

Мақтаарал ауданы әкімдігінің

15 акпандагы 2021 жылғы

№ 111 қаулысына 1-қосымша

### **Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа оналастыру үшін жұмыс орындары квотасы белгіленетін Мақтаарал ауданы үйымдарының тізімі**

№	Үйым атапу	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квотаның мөлшері ( % жұмыскерлердің тізімдік саны)	Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін жұмыс орындарының саны
1.	Мақтаарал ауданы әкімдігінің "Халықты жұмыспен қамту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	42	2,3%	1
2.	Мақтаарал ауданы әкімдігінің "Мырзакент-Қызмет"	71		1

	коммуналдық мемлекеттік мекемесі		1,4%		
3.	Мақтаарал ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Мақтаарал-Сервис" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	66	1,5%	1	
	Барлығы	179		3	

Мақтаарал ауданы әкімдігінің  
15 ақпандағы 2021 жылғы  
№ 111 қаулысына 2-қосымша

### Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындары квотасы белгіленетін Мақтаарал ауданы үйшімдарының тізімі

№	Ұйым атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квотаның мөлшері (% жұмыскерлердің тізімдік саны)	Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының саны
1.	Мақтаарал ауданы әкімдігінің "Халықты жұмыспен қамту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	42	2,3%	1
2.	Мақтаарал ауданы әкімдігінің "Мырзакент-Қызмет" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	71	1,4%	1
3.	Мақтаарал ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің шаруашылық	66		1

жүргізу құқығындағы "Мактаарал-Сервис" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны		1,5%	
Барлығы	179		3

Мактаарал ауданы әкімдігінің  
15 ақпандагы 2021 жылғы  
№ 111 қаулысына 3-қосымша

**Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру үйімдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындары квотасы белгіленетін Мактаарал ауданы үйімдарының тізімі**

№	Үйім атаяу	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квотаның мөлшері ( % жұмыскерлердің тізімдік саны)	Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру үйімдарының түлектері болып табылатын, жастар қатарындағы азаматтар үшін жұмыс орындарының саны
1.	Мактаарал ауданы әкімдігінің "Халықты жұмыспен қамту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	42	2,3%	1
2.	Мактаарал ауданы әкімдігінің "Мырзакент-Қызмет" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	71	1,4%	1
	Мактаарал ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің			

3.	шаруашылық жүргізу құқығындағы "Мактаарал-Сервис" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	66	1,5%	1	
	Барлығы	179		3	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК